

ХАТТАМА №1

28.08.2023

Төрайымы: Жасарова А.Х.

Хатшы: Рай Майгүл

Қатысқандар: 24 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылындағы әдістемелік жұмыстардың басты бағыттары. ӘБ жұмыс жоспарын бекіту
2. Инновациялық педагогикалық технологияларды зерттеу және қолдану
3. Әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттерін белгілеу.
4. Нормативтік құжаттарға шолу жасау.
5. Қабілетті және оқу деңгейі төмен оқушылармен жұмыстың бағыты.

Жасарова А.Х.

Отырыс барысы:

ТЫНДАЛДЫ:

1. Директордың оқу ісі бойынша орынбасары Жасарова А.Х.

Әдістемелік қызмет- бұл оқу-тәрбие жұмысының әдіс-тәсілдерін игеру, оқу үрдісін ұйымдастыру мен камтамасыз етудің неғұрлым ыңғайлы және тиімді жаңа формалары мен әдістерін іздеп табу, оларды оқу және тәрбие үрдісінде шығармашылықпен қолдану мақсаттарын көздейтін мектеп әкімшілігі мен мұғалімдердің басқаруымен өткізілетін іс-шараларды көрсететін педагогикалық әрекеттің негізгі түрі.

Мұғалімнің кәсіби шеберлігін жетілдіруде оның өзі жоспарлаған жеке жұмысын және білім жетілдіру мекемелерінде білімін көтеру жұмыстарын үйлестіріп ұйымдастыруды ескерудің, әр білім мекемесінің өзіндік озат тәжірибесін әдістемелік қызмет көрсету арқылы дамытудың маңызы зор. Қазіргі кездегі мектептің әдістемелік жұмыстарын сарапқа салып отырғанда оның шексіз де, шетсіз бағыттарын, маңызды да ауқымды мазмұнын еске алып, мектептану ілімінде әдістемелік жұмыстар жолға қойылған.

Оқу- әдістемелік кешеннің жұмысы жүйелі жүргізілуі үшін мектептегі әдістемелік бірлестіктің қызметі зор. 2023-2024 оқу жылында 3 әдістемелік бірлестік жұмыс жасайды.

Бірлестіктер жұмысының мазмұны алуан түрлі, олар оқу – тәрбие үрдісінің деңгейін оқушылар білімінің сапасын көтеру, өзара тәжірибе алмасу жұмыстары жолдарын жетілдіру, озық педагогикалық тәжірибені зерттеу, жинақтау, тарату мәселелерін қызу талдайды. Сондай-ақ пән бірлестіктерінде жаңа буын оқулықтары мен бағдарламалардың тәжірибелік нұсқаларын зерттеп, талқылайды.

Бірлестіктердің әрқайсысы өз құзыры шегіндегі пәндер бойынша түрлі шығармашылық бақылау жұмыстары мен деңгейлік тапсырмаларды жасап құрастырып, оның тиімділігін өз іс-тәжірибелері барысында сынап тексереді. Әдістемелік бірлестікте жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру, оны мектеп ішінде кеңірек тарату жұмыстары міндетті түрде іске асырылуы тиіс жұмыстары болып табылады. Әдістемелік пән бірлестігінің жұмысы бір оқу жылына жоспарланады. 3 бірлестік жетекшісі, мүшелері мен хатшысы бар.

Жылына 5 рет отырыс өткізіліп, хаттамалары жазылады. Отырыстарда оқыту мен тәрбиенің түрлі өзекті мәселелерін талқылайды, зерттейді, мәселені шешу жолдарын анықтайды, мектеп әдістемелік және педагогикалық кеңестеріне, әкімшілікке ұсыныстар жасап отырады. Мәселен оларға оқыту мен тәрбиенің үрдісінің деңгейін көтеру мақсатындағы сабақты талдау, озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу, ендіру, дәстүрлі емес сабақ құрылымдарын олардың тиімділік дәрежесін

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 05.08.2021 ж. № ҚР ДСМ-76 бұйрығы)

«Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №4бұйрығы)

2023-2024 оқу жылында орта білім беру ұйымдарында білім сапасын арттыру, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жалғастыру қажет. Ол аксиологиялық, тұлаға бағытталған, сараланған, іс-әрекет, жүйелік тұрғылар, оқытудың дидактикалық ұстанымдар негізінде ұйымдастырылуы қажет.

5. Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау әкімшіліктің, әдіскерлердің, психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметінің, сынып жетекшісінің, педагогтер мен ата-аналардың іс-әрекетін қамтуы тиіс.

Мектеп әкімшілігі

Оқу жылы ішінде педагогикалық үдерісті ұйымдастыру үшін (салауатты психологиялық ахуал, табысқа жету жағдайларын жасау, біліктілікті уақытылы арттыру, материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз ету, сабақ кестесін құру және т.б.), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының түріне қарамастан, білім алушылардың сабақтан тыс уақытта демалуы мен дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау маңызды. Бұл мәселені шешуде бірінші басшының әрбір білім алушымен оның үлгерім деңгейіне қарамастан құндылық тұрғысынан қарым-қатынас жасауын қамтитын принципті ұстанымы маңызды.

Барлық білім алушы үшін бірдей оқыту мен тәрбиелеу әдістерін, түрлерін, құралдарын қолдануға болмайды, сараланған әдіс-тәсілдерді қолдану маңызды.

Орта білім беру ұйымдарында білім алушылардың білім сапасына үнемі мониторинг жүргізу, қорытындыларын тұжырымдай отырып, барлық оқу пәндері бойынша білімдегі олқылықтарды анықтау, алдын алу, түзету іс-шараларының жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу қажет. Мектепшілік іс-шараларды (педагогикалық кеңес, жиналыс, мәжіліс) өткізу кезінде педагогикалық ұжымды ағымдағы жағдаймен таныстырып қана қоймай, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау, білім сапасын арттыру, шешімдердің орындалуын бақылауды жүзеге асыру бойынша тиімді шараларды ұсыну маңызды.

Педагогтерге әдістемелік көмек көрсету тұрақты негізде жүзеге асырылуы тиіс. Анықталған себептерге (физиологиялық, психологиялық, әдістемелік, әлеуметтік және т.б.) сүйене отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты жоспарлау қажет.

Педагогтер

Педагогикалық үдерісті ұйымдастыру және жүзеге асыру кезінде мұғалімнің оқушыларға, сабаққа, оқу нәтижесіне құндылық тұрғысынан қарым-қатынасы маңызды.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасауда әр оқушыға назар аудару маңызды.

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыста педагогтер оқушы үлгерімінің төмендеу себебін анықтап, өз ұстанымдарын, әдістерін, құралдарын, оқытуды ұйымдастыру түрлері мен мазмұнын қайта қарауы, әрбір сабақта білім алушылардың білімі мен дағдыларындағы олқылықтардың орнын толықтыру, оның ішінде зерделенген материалды қайталау, бекіту жұмыстарын жүргізуі қажет.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс түрлері: жеке, топтық, ойын тапсырмалары, шығармашылық тапсырмалар, мультфильм/фильмді, оқу бейнематериалын қарау және талқылау, жауабын таңдау тапсырмалары, карточкалармен жұмыс (жеке жұмыс үшін, тренажер-карточкалар, информатор-карточкалар, шешім үлгілері бар карточкалар),

анықтау, оқытудың әдіс-тәсілдерін белсендіру жолдарын, сабақты бақылау формаларын талдайды. Мектептегі 3 бірлестікте жыл бойы 1 онкүндік, 1 әдістемелік күннен белгіленді. Мектепшілік семинар- кеңес, кестеге сәйкес аудандық семинар кеңес жоспарланады.

2023-2024 оқу жылына арналған бірлестік жоспары бекітілсін.

2. Қазіргі таңдағы ең тиімді жаңа технологиялар:

1. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар
2. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясы
3. Жоба технологиясы
4. Дамыта оқыту технологиясы
5. Денсаулық сақтау технологиялары
6. Проблемалық оқыту технологиясы
7. Ойын технологиялары
8. Модульдік технология
9. Семинарлық технология
10. Іс - технология
11. Интегралды оқыту технологиясы
12. Ынтымақтастық педагогикасы.
13. Деңгей саралау технологиялары
14. Топтық технологиялар.
15. Дәстүрлі технологиялар (сынып-сабақ жүйесі)

Педагогикалық технологияның тиімді тұстары:

1. Оқушы өз бетінше жұмыс жасауға мүмкіндік алады, соған үйренеді;
2. Оқушының жеке қабілеті анықталады;
3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысып, талпынады;
4. Тапсырмалық күрделену деңгейіне сәйкес оқушының ойлау, орындау қабілеті артады.
5. өзін - өзі тексеруге дағдыланады.
6. Мұғалім жекелеген оқушыларға көмектесуге мүмкіндік алады.
7. Орындау қабілетіне қарай бағаланады.

Кәдімгі сабақты қалай ерекше ету керек, қызықты емес материалды қалай таныстыру керек, қазіргі балалармен заманауи тілде қалай сөйлесу керек? Бүгінгі сабаққа келгенде өзімізге осы және басқа да көптеген сұрақтар қоямыз. Мұғалім мектепте оқуға дайындықтың әр түрлі деңгейлерін ескеретін тұлғалық-бағдарлы, дамытушылық білім беру технологияларына ие болуы керек.

3. Әдістемелік кеңес мүшелерінің функциялық міндеттерін белгілеу.

Функционалдық міндеттері таныстырылды.

4. Нормативтік құжаттарға шолу жасау.

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы, 23.09.2022 ж. № 406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022 ж. № 365; 30.09.2022 ж. №412 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

білім алушыларға арналған жадынамалар және т.б.

Үлгерімі төмен білім алушыларға сауалнама жүргізу кезінде жауаптың үлгі жоспарын беру қажет; үйде жасалған жоспарды пайдалануға рұқсат беру; тақтада жауап беруге дайындалуға көбірек уақыт беру; алдын ала жазбалар жасау, көрнекі материалды және т.б. пайдалануға рұқсат ету қажет.

Материалды дәйекті түрде көрсетуге көмектесетін жетекші сұрақтар қою маңызды. Оқушы қандай да бір себептермен болмаған сабақ тақырыптары бойынша материалды меңгергенін уақытылы тексеріп отыру қажет. Сауалнама барысында және оның нәтижелерін талдау кезінде ізгі ниет атмосферасын қамтамасыз ету маңызды.

Сабақтарда және қосымша сабақтарда келесі тәсілдерді қолдану ұсынылады: іс-әрекет түрлерін әртараптандыру, оқу материалын ұтымды бөлу, сабақ материалын бірнеше рет қайталап айту және бекіту, іс-әрекетті алгоритмдеуге тырысу; кабинетті желдету, шынықтыру минуттарын өткізу; әр кез қажеттілік пен жеткіліктілік ұстанымын сақтауды естен шығармау қажет.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі

Оқу жылының басында білім алушылардың когнитивтік саласына диагностика жүргізу, мазасыздық деңгейін, оқуға уәждемесін анықтау қажет. Жұмыс жоспарында барлық білім алушымен жүргізілетін түзету іс-шаралары қарастырылуы тиіс.

Педагогтар үшін диагностика нәтижелеріне сүйене отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлеуді қарастыру қажет. Сондай-ақ, кәсіби шаршаудың алдын алу, кәсіби уәждемені арттыру бойынша тренингтер өткізу ұсынылады.

Ата-аналар үшін оқуға, орта білім беру ұйымына оң көзқарасты қалыптастырудың маңыздылығы туралы, үй тапсырмасын орындау және ата-аналар тарапынан бақылау үшін қолайлы жағдайлар жасау туралы оқыту дәрістерін, тренингтерді, әңгімелер өткізу; қажетті үлестірме материал (жадынамалар, буклеттер және т.б.) дайындау қажет.

Сынып жетекшісі

Үлгерімнің төмендеуінің алдын алу және оқушылардың оқу деңгейі мен сапасын арттыру мақсатында бақылаудың тиімді түрлерін пайдалана отырып, үлгерімі төмен білім алушылармен жұмысты күшейту қажет. Оқушылардың сабаққа қатысуын, пән мұғалімдерімен жеке консультацияларды, білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша өзге де іс-шараларға қатысуды жүйелі бақылауға алу қажет. Үлгерімі төмен білім алушылар үшін табысқа жету жолдарын белгілеу, «сынып жетекшісі - оқушы - ата-аналар-педагогтер» ынтымақтастықта жұмыс жасауы маңызды.

Ата-аналармен жұмыста: оларды үйде білім алушылармен сабақ оқуға тарта отырып, тұрақты байланыста болу, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметімен бірлесіп үлгерімді жақсарту бойынша кеңестер мен ұсыныстар беру, әңгімелер жүргізу қажет. Білім алушылардың саналы түрде оқу тәртібін дамыту, оқудың оң уәждемесін қалыптастыру бойынша жұмыс жасау қажет.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2023-2024 оқу жылына ӘБ жұмыс жоспары бекітілсін.
2. ӘБ жетекшілерінің функционалдық міндеттері бекітілсін.
3. Нормативтік құжаттарға сүйене отырып жұмыс атқаралсын.
4. Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары бекітілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы
Хатшы



А.Жасарова
М. Рай

ХАТТАМА №2

03.11.2023

Төрайымы: Жасарова А.Х.

Хатшы: Рай Майгүл

Қатысқандар: 26 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі:

1. **Сабақтағы кері байланыс.** Серік Н.М.
2. Бастапқы, тоқсандық білім сапасына сараптама
3. Жазу жұмыстарының нормативтерін орындау бойынша жұмыс, Бастауыш мектепте дәптерлерді тексеру қорытындысы

Жасарова А.Х.

Отырыс барысы:

ТЫНДАЛДЫ:

1. Ағылшын тілі мұғалімі Серік Н.М. (баяндама бірге тіркелді)

ТЫНДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі бойынша орынбасары А.Жасарова

сынып	Оқушы саны	үздік	екпінді	білімс	үлгерім	2022-2023Б/С
1	23					
2А	15	3	5	67	100	
2Ә	16	5	5	63	100	
3	25	4	12	64	100	72
4	29	8	11	66	100	67
1-4	108	20	33	65	100	71
5	24	4	11	63	100	74
6	26	2	14	62	100	68
7А	18	2	10	61	100	70
7Ә	18	3	7	56	100	61
8	20	5	9	70	100	81
9А	21	5	9	67	100	67
9Ә	20	2	9	55	100	55
5-9	147	23	69	63	100	68
10	28	3	14	64	100	70
11	22	3	12	68	100	70
10-11	50	6	26	66	100	74
ЖАЛПЫ	305	49	128	64	100	70

3. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес бастауыш сыныптарда жазба жұмыс дәптерлері қаралды. Мұғалімдер анықтамамен таныстырылды.

ҰСЫНЫС: дәптерді уақытында, сапалы тексеру.

Қаулы етті:

1. Сабақта кері байланыс жасау жолдарын жандандырылсын.
2. Білім сапасын көтеру, оқушылармен жекелеген жұмыстар жүргізілсін.
3. Жазба жұмыс дәптерлерін уақытылы, сапалы тексерілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы
Хатшы



А.Жасарова
М. Рай

ХАТТАМА №3

07.01.2024

Төрайымы: Жасарова А.Х.

Хатшы: Рай Майгүл

Қатысқандар: 25 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі:

1. Цифрлық білім беру ортасындағы заманауи оқыту құралдары. Шакирова Ж.К.
2. Бақылау кескіні жүргізілетін дәптерлердің жүргізілуі. Жасарова А.Х.
3. Мектеп әкімшілігі қатысқан сабақтар қорытындысы
4. 2-6-сынып оқушыларының оқу жылдамдығы қорытындысы Жасарова А.Х.
5. Жиынтық бағалау қорытындысы ӘБ жетекшілері
6. 4,9-сынып оқушыларының ББЖМ дайындығы Пән мұғалімдері

Отырыс барысы:

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Шакирова Ж.К. (баяндама бірге тіркелді)
Мұғалімдерге сілтемелері берілді. Жұмыс жасау барысы таныстырылды.
Сабақтарында қолдануға ұсыныс берілді.

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі бойынша орынбасары А.Жасарова

2. Бастауыш сыныптарда, орта буындарда бақылау кескіні жүргізілетін дәптерлер қаралды. Мұғалімдер анықтамамен таныстырылды.
3. Бекітілген кестеге сәйкес сабақтарға қатысып, талдауымен мұғалімдер таныстырылды.
4. 2-6-сыныптардан оқу жылдамдығы қаралды. Қорытынды төмендегідей:

сынып	мұғалімі	Қатысқан оқушылар саны	норма	Норма дан жоғары	Норма дан төмен	
2А	Базарханова С.С.	15/13	1	10	2	85%
2Ә	Оразалина Ж.Е.	16/16	3	8	5	69%
3	Мусабекова А.К.	25/20	7	6	7	65%
4	Калиакпарова З.К.	29/23	5	12	6	74%
5	Елеукенова Р.С.	25/24	15	-	9	63%
6	Елеукенова Р.С.	25/19	8	-	11	42%

5. Пән мұғалімдері тоқсан бойынша жиынтық бағалауға талдау жасайды, талдау қорытындысы бойынша қателіктермен жұмыс жүргізіледі. Олқылықтармен сабақ барысында қателіктер жүргізілуі тиіс. Сабақ барысында жіберілген қателіктермен көбіне жұмыстар жүргізілмей жатады. Келесі жиынтық бақылауда тағы да сол оқушылар төмен сапа көрсетеді. Ілгерілеу болуы тиіс.

ТЫНДАЛДЫ:

Калиакпарова З.К. 4-сынып мұғалімі.

ББЖМ дайындық барысында қағаз жүзінде 4 рет байқау сынағы алынды. Ата-аналармен бірлесе отырып компьютер арқылы тест тапсырмалары орындалды. Ата-аналармен үнемі байланыстамын. Оқушыларға жаратылыстану пәні киындық тудырады. Жаратылыстану пәні бойынша қосымша сабақтар өткізіп жатырмын. Алтынбекқызы Інжу, Амангельдинова Аяна, Ағыбай Санжар, Кайргельдинов Ергелді, Казбек Мөлдір, Махмуд Нурлыбек осы оқушылардың ата-аналарымен жұмыстар жүргізіп, көп дайындық керек екенін ескерттім. Бұл оқушылар тапсырмаларды зейін қойып оқымайды, көбейту кестесін ұмыта береді немесе мүлде есте сақтамайды. Қоысша сабақтарға қалдырып жүрмін. Облыс бойынша өткізілген байқау сынағына қатысты. Жаратылыстану пәні бойынша әлі де көп дайындық қажет.

Зейнуллина Ж.Т. биология пәні мұғалімі

Биология пәні бойынша жинақталған материалдармен дайындық жасап жатырмын. Әкімшілік тарапынан жүргізілген бақылау кескінінде төмен сапа көрсетті. Сабақ барысында, сабақтан тыс дайындық жасалуда. Оқушылар есте сақтай алмайды. Бүгін талдап, талқылап орындаған тапсырмаларды келесі сабақта естеріне түсіре алмайды.

Шаймерденова А.К. химия пәні мұғалімі

Өз пәнім бойынша әкімшілік тестілеуден басқа бірнеше рет сынама тестермен жұмыс жасадым. Жылда қазан айынан бастаймын, оқушылармен 1-жартыжылдықта 7 нұсқа талдадық. Сонда байқағаным оқушылардың есте сақтаулары мүлде төмен. Алдымен тапсырмаларды талқылап алдық, жауаптарын біріге отырып анықтадық. Келесіде дәл сол тапсырмаларды өздеріне орындауға бергенде 4-5 оқушы ғана дұрыс жауап берді. Қайтадан сол тапсырмаларды талқыладық. Келер жолы қайтадан өздеріне бергенде тағы да естерінде сақталмаған.

Тлеубаева Г.К. математика пәні бойынша бірнеше нұсқа тест тапсырмалары бар. Сол тапсырмалар бойынша жүргізілуде. Балалар тапсырмаларды түсініп оқымайды, көбіне тез жауап беруге асығады. Зейіндерін шоғырландырмайды.

Нағашбек Н.Б. физика пәні мұғалімі. Оқушылармен теория, формулаларды қайталап алдық, енді мәтін есептер шығарып жатырмыз. Есте сақтаулары төмен.

2. 3. Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес бастауыш сыныптарда жазба жұмыс дәптерлері қаралды. Мұғалімдер анықтамамен таныстырылды.

Қаулы етті:

1. Сабақ барысында мүмкіндігінше цифрлы ресурстарды тиімді пайдалану.
2. Бақылау кескіні дәптерлерінде біркелкі талап қою.
3. Жиынтық бағалаудағы олқылықтармен сапалы жұмыс жүргізілсін.
4. ББЖМ дайындық жалғастырылсын, ата-аналарды оқушылардың сынама тесте қорытындысымен таныстырып, дайындық барысын қадағалаулары ескертілсін.

Әдістемелік кеңес төрайымы
Хатшы

А.Жасарова
М. Рай

ХАТТАМА №4

04.04.2024

Төрайымы: Жасарова А.Х.

Хатшы: Рай Майгүл

Қатысқандар: 23 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі:

1. Оқыту процесінде белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану арқылы сапалы сабақ жүргізу Шалтыкова Б.Р.
2. Дарынды балалармен жұмыстың түрлері мен әдістерін жетілдіру Тлеубаева Г.К.
3. Мектеп әкімшілігі қатысқан сабақтар қорытындысы
4. Мұғалімдердің өз білімін жетілдіру бойынша жеке жоспарының орындалуы, тәжірибе алмасу жұмыстарының сапасы. Іс тәжірибе тарату. Мұсабекова А.К.

Отырыс барысы:

ТЫНДАЛДЫ:

Шалтыкова Б.Р. математика пәні мұғалімі..

Сабақта қолданылатын әдіс тәсілдері және дидактикалық материалдарын ортаға салды. Баяндама бірге тіркелді

Тлеубаева Г.К. математика пәні мұғалімі

Дарынды оқушылармен жұмыс сабақ кезіңінде, сабақтан тыс уақытта назарда ұстаймын. Интернет олимпиадаларға қатысуға тырысамыз. Математикаға оқушылардың қызығушылығы жоғары. Дарынды оқушылармен орындайтын тапсырамалар жинағы бар. Логикалық тапсырмалар көп орындатқызамын. Оқушылардың өсу деңгейін бақылап отырамын. Баяндама бірге тіркелді.

ТЫНДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі бойынша орынбасары А.Жасарова

Әр мұғалімнің өзіндік білім жетілдіру тақырыптары бар. Сол тақырып бойынша кем дегенде бес жыл жұмыс жасайды. Осы аралықта әр мұғалім мектепте, аудан, облыс көлемінде іс тәжірибесімен бөлісіп отырады. Іс тәжірибесімен бөлісу кезең кезеңмен өтеді. Әсіресе педагог-зерттеуші, педагог-шебер мұғалімдер мен тәжірибелі мұғалімдерде үздіксіз жүргізілуі тиіс. Іс тәжірибелерімен жарияланымдар жасалуы керек. Педоқуларға қатысуы керек.

Мұсабекова А.К. бастауыш сынып мұғалімі, педагог-зерттеуші

Іс тәжірибесімен бөлісті. Жарияланымға ұсынылды.

Қаулы етті:

1. Сабақтарда белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану, іс тәжірибелерімен бөлісу.
2. Дарынды оқушылармен жұмыс жандандырылсын.
3. Іс тәжірибелер жарияланымға ұсынылсын.

Әдістемелік кеңес төрайымы
Хатшы



А.Жасарова
М. Рай

ХАТТАМА №5

17.05.2024

Төрайымы: Жасарова А.Х.

Хатшы: Рай Майгүл

Қатысқандар: 23 (тізім қоса тігіледі)

Күн тәртібі:

1. Емтихан материалдарын жинақтау, кестесін бекіту **Жасарова А.Х.**
2. Бір жыл ішіндегі оқу бағдарламасының орындалуы **ӘБ жетекшілері**
3. ӘБ бір жыл ішіндегі жұмысына талдау **ӘБ жетекшілері**
4. Келесі оқу жылына арналған жұмыс жоспары мен міндеттер
5. Өз білімін жетілдіру **Жасарова А.Х. ӘБ жетекшілері**

Отырыс барысы:

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі бойынша орынбасары А.Жасарова

Қазақ тілі бойынша емтихан 125-бұйрықтың 35-тармағына сәйкес білім алушылардың бағдарламалар мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар), жалпы орта (10 сынып) деңгейінде академиялық жыл аяқталған кезде оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі» және оқыту өзге тілде жүргізілетін сыныптарға «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша МЖМБС-қа (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша нысанда өткізіледі.

1. Аралық аттестаттау мақсаты-білім алушылардың «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндері бойынша оқу бағдарламасының көлемін меңгеру деңгейін негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (бұдан әрі – МЖМБС) талаптарына сәйкес бағалау.

2. Аралық аттестаттаудың міндеті: білім алушылардың білім берудің келесі деңгей материалдарын игеру дайындығы мен функционалдық сауаттылықтарының қалыптасу деңгейлерін бағалау. Білім алушыларды аралық аттестаттау негізгі орта білім беру деңгейінің 5-8,10-сыныптарына «Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды.

Білім алушылардың білімі, білігі, сондай-ақ дағдылары МЖМБС күтілетін нәтижелерімен анықталады.

«Қазақ тілі», «Қазақ тілі мен әдебиеті» пәндерінен эссе жазуда тапсырмалардың мазмұны ақпаратты түсіну, мәтіннің құрылымы мен негізгі ойын түсіну, мәтіннің стильдік ерекшелігін тану, проблемалық сұрақтар құрастыру, түрлі дереккөздерден ақпарат ала білу, мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау, түсіну және жауап беру, анализ және интерпретация, орфографиялық, орфоэпиялық, пунктуациялық нормаларға құрылған.

7. Эсседегі тапсырмалардың қиындығы: әр сыныптың жас ерекшелігіне сай берілген.

8. Білімді тексеру тапсырмасының формасы: (тыңдалым, айтылым) оқылым, жазылым дағдыларын қолданып эссе жазу

9. Білімді тексеру тапсырмаларын орындау уақыты: орындау уақыты –180 минутты құрайды. Жалпы эссені жазу уақыты берілген тапсырмаларды оқуға жұмсалатын уақытты ескере есептелген.

10. Білімді тексеру тапсырмалары мен жалпы жұмысты бағалау: Критериалды бағалау жүйесімен байланысы білім алушыларды аралық аттестаттау қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтитын критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады. Дұрыс орындалған тапсырма үшін білім алушы жиынтық балл (5 балл) жинайды.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының әдістемелік ұсынымдамасына сүйене отырып аралық аттестаттау жүргізіледі.

Емтихан тапсыратын күндері 26-31 мамыр аралығы. Қорытынды аттестаттау өтетін күндерде аралық емтихан өткізілмейді. Аралық аттестаттау таңертең 9.00 басталады, түсте 14.00 басталады. Емтихан өтетін кестемен ата-аналарды таныстырыңыздар. Емтиханға кешігуге және себепсіз босатуға болмайтынын ескертіңіздер.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі жетекшісі Рай Майгүл

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары орындалды. Мереке күніне түскен және ауа райының қолайсыздығына байланысты тақырыптар кіріктіріліп өткізілді. Аралық және қорытынды аттестаттауға дайындық жұмысы жүргізіліп жатыр. Оқушылар мен ата-аналар емтихан талаптарымен таныстырылды. Күнделік толтырылды, оқу жылы соңында жарияланым жасалады.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігі жетекшісі Шалтыкова Б.Р.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша оқу бағдарламалары орындалды. Мереке күніне түскен және ауа райының қолайсыздығына байланысты тақырыптар кіріктіріліп өткізілді. Барлық оқушылар бағдарламаны өз деңгейінде игерді. Пәндер бойынша ББЖБ, ТЖБ кестеге сәйкес жүргізіліп, журналға қойылды. Оқу жылы соңында жарияланым жасалады.

Бастауыш сынып бірлестігі жетекшісі Ербатырова М.Т.

Бастауыш сыныпта барлық пәндер бойынша оқу бағдарламасы орындалды. Оқушылардың барлығы игерді. Тоқсан сайын жүргізілетін жиынтық бағалаулар жүргізіліп, журналға қойылды. Жыл соңында жарияланым жасалады.

ТЫҢДАЛДЫ:

Қоғамдық-гуманитарлық пәндер бірлестігі жетекшісі Рай Майгүл

2023-2024 оқу жылында ӘБ бойынша жоспарға сәйкес отырыс өткізілді. Күн тәртібіндегі мәселелер қаралып отырды. Оқушылар аудандық, облыстық шараларға қатысты. Жетістіктері де баршылық. Қоғамдық-гуманитарлық пәндер аптылғы жоғары деңгейде өтті. Алдын ала жоспар құрылып бекітілді, сол жоспарға сәйкес шаралар мерзімінде өткізілді. Бірлестік мектепішілік ӘБ көрмесіне қатысты.

Жаратылыстану-математикалық пәндер бірлестігі жетекшісі Шалтыкова Б.Р.

Бірлестіктің жоспарына сәйкес отырыс мерзімінде өткізіліп, туындаған мәселелер талқыланып, тәжірибелермен бөлісіп отырды. Аудандық, облыстық олимпиада, байқауларға және онлайн өткізілген республикалық олимпиадаларға қатысып оқушылар жүлделі орындар алды. Мектепішілік көрмеге мұғалімдер өздерінің жыл бойғы жеткен жетістіктерін қойды, тәжірибелерімен бөлісті. Бірлестіктің онкүндігі өткізіліп, мұғалімдер өздерінің шеберліктерін көрсетті.

Бастауыш сынып бірлестігі жетекшісі Ербатырова М.Т.

Оқу жылында бастауыш сынып бойынша апталық өткізіліп, мұғалімдер өздерінің іс тәжірибесімен бөлісті. Оқушыларымыз, мұғалімдер жыл бойы байқауларға, олимпиадаларға қатысты. Ғылыми жлба бойынша республикалық кезеңіне қатысты. Жыл бойы жеткен жетістіктерді мектепішілік өткізілген ӘБ көрмесінде көрсетіліп, жоғары бағаға ие болды. Келер жылға жоспарлар құрдық.

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі бойынша орынбасары А.Жасарова

2023-2024 оқу жылында ӘБ бекітілген жоспарларына сәйкес жұмыстарын атқарды. Бірлестік жұмыстары «қанағаттанарлық». Дегенмен де бізде оқушылардың білім сапасын арттыруда LS жүргізу және фокус тобының жұмысы мүлде жоқ деп айтуға болады. Оқушылардың, мұғалімдердің жетістіктері әлі де аздық етеді. Облыстық оқу әдістемелік кабинет ұйымдастырған оқулар мен байқауларға биылғы жылда ешқандай мұғалім қатысқан жоқ. Сол себепті келер оқу жылында міндеттер:

- педагогтердің элеуеті мен педагогикалық шеберлігін арттыруына әрекеттік қолдау көрсету;
- Зерттеу алаңдарын ұйымдастыру, мұғалімдерді эксперименттік жобаларға тарту, өз тәжірибелерін талдауға, жетілдіруге ықпал ету;
- Командалық ынтымақтастық негізінде көшбасшы ұстаздар қатарын арттыру;

- Дарынды және үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жандандыру;

ТЫҢДАЛДЫ:

Директордың оқу ісі бойынша орынбасары А.Жасарова

Әр педагог өз білімін жетілдіру бойынша үздіксіз ізденуі тиіс. Ізденісте болған педагогтің сабағы да қызықты, оқушылары да ынталы, іздене білетін болады. Жыл сайын білімін толықтырып, жаңалығымен бөлісіп, әс-тәжірибесін таратып отыруы тиіс.

Қаулы етті:

1. Емтихан кестесімен ата-аналар, оқушылар таныстырылсын.
2. Барлық пәндер бойынша оқу бағдарламалары орындалды, күнделікке жыл соңында жарияланым жасалсын.
3. ӘБ жұмыстары «қанағаттанаарлық» деп танылсын.
4. Жіберілген кемшіліктер бойынша келер оқу жылына жоспар мен міндеттер жоспарлансын.
5. Өз білімін жетілдіру бойынша жұмыс жалғассын.

Әдістемелік кеңес төрайымы
Хатшы



А.Жасарова
М. Рай